

ЛЕНИН ТУУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ПЕТРОПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

30 декабрь Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тың

на талапқа ырайық

саяси мектептердің сабақтары теуі немесе тыңдаушылардың қатыспауы, насихатшыларға әзірліксіз келуі сыяқты фактілер келді. «Красная крепость» (Совет ауданы), «Новый быт» (Совет мекені) атындағы (Ленин ауданы) мектептер мен үйірмелердің бірі небары 5—6 рет ғана. Ендігі жерде мұндай жағдай болмайды.

үйірмелері және насихатшы мектептер мен үйірмелерінің тыңдаушыларының мектептерінің тыңдаушыларының XIX съезінің материалдарымен байланысты партияның оқу программасына енгізілетін таңыстырулары, олардың қамтамасыз етулері қажет.

—партия оқуындағы негізгі мектеп қалалық, аудандық мектептері насихатшылардың теориялық білімдерін үнемі жетілдіріп жетіле назар аудару жұмысты барышына күшейту. Жуықта әрбір ауданда және облыстардың семинарлары өткізілетін.

Облыс кәсіпорындар жаңа жыл қарсаңы



Петропавл жөндеу депосының жөндеу цехінің балташысы В. Мухоморов жолдас стахановша жұмыс істей жүйелі жүріп, өз жұмысында ешбір кемшілік беріп көрген емес.

Аалықтар достығының камалы

жылдың қарсаңы дегенге дәстүр бұл күндері ағалғалы отырғандықорытынды шығарылады. Адамды жасаған а, өсіргеніне, істегеніне мақтаныш көз жібереді. Аяқталы отырған іс-шаралары ұлы істерге толы.

коммунизмнің ұлы құрылыстарының қатынасы — Ден кеме қатынасы сылды. Орыс халқының арманы іске асты: Волга асырлар бұды. Отанымыздың астанасы Донмен Бес теңіздің портына айналды. —Москва уаншылықты дәлелсізге көптеп Донның келді. Табиғатты өзгерту жөнін күткізіндік жоспар бойынша жасалған деп қапырақты орман алқаптары өсірілді. Біздегі ең ірі мемлекеттік орман алқабы —Вишневая тауы — Каспий теңізі сияқты жас орман алқабы ссы қыстын өзінде өзінің атқаруға тиіс міндетін ақтады. Жас орманға жақын жер қарсыз қалған жоқ, оған суықтың зардабы тиген жоқ.

Партияның XIX съезінің қарарлары И. В. Сталин жолдасының «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі ұлы жұмыстардың жаңа жоспарын белгілеп отыр. Біздің халқымыз коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте бұл тарихи документтерден күш-жігер алады.

Отанымыздың еңбекшілері жаңа жыл қарсаңында Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылғанына 30 жыл толуын салтанатпен атап өткелі отыр. 1922 жылғы 30 декабрьде Советтердің Бүкілодақтық бірінші съезінде Советтік Социалистік Республикалар Одағының декларациясы мен шарты қабылданды. В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің ұсынысы бойынша совет халықтарының ерікті мемлекеттік құрамы, дүние жүзінде тұңғыш көп ұлтты советтік социалистік мемлекет құрылды. ССРО-ның құрылуы лениндік-сталиндік ұлт саясатының зор жеңісі болды.

ССРО-ның туысқан халықтарының бі-

☆
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВпен әңгіме
☆

жерден түсті металдарды, отынды тасып әкеліп отырды.

Ол уақыттар келмесе бетті. Адам аяғы баспаған далаларға қазақ халқы ұлы орыс халқының көмегіне сүйеніп, совет өкметі жылдарында алып өнеркәсіп орындарын салды. Сталиндік бес-жылдықтарды ойдағыдай орындау нәтижесінде Қазақстанның халық шаруашылығында өнеркәсіптің арасалмағы едәуір артты. Кәзір Қазақстан елімізге көмір мен мұнайды да, шойын мен болатты да, прокат пен мысты да, ферросплав пен қалайыны да, қорғасынды да, күрделі машиналарды да, дәлме-дәл станоктарды да және басқаларын барған сайын көптеп беруде. Тек соңғы 13 жылдықта ішінде ғана республика өнеркәсібінің жалпы өнім шығаруы 3,8 есе, өнеркәсіптің негізгі қорлары 7 еседен аса артты.

Ертеде Қазақстанда түйелермен ғана қарнайтын. Бұл өлкенің ол шеті мен бұл шетіне бару үшін айлаған уақыт керек болатын. Совет өкметі жылдарында республикада ұзындығы 8 мың километрдей өмір жол салынды. Соғыстан кейінгі уақытта Мойынты —Шу және Ақмола —Лавлодар жолдары іске қосылды. Автомобиль, әуе және су жолы да кеңінен дамып түсуде. Кәзір Қазақстанда телеграф, телефон, радио кең көлемде пайдаланылады.

Республикада қуатты энергетикалық базасы жасалды. Ондаған жаңа зор электр станциялары салынды. Бесінші бесжылдықтың аса зор жаңа құрылыстарының бірі —Өскемен СЭС-і іске қосылмақ.

Қазақ жұмысшы табының және қазақтардан техникалық интеллигенцияның құрылуы Қазақстанды социалистік индустриаландырудың зор жеңісі болып табыла

түстік жағындағы миллиондаған өңір жерлерді суарды және суландырды. Қазақ халқы өзінің мәдениет қазынасын орынды мақтан етеді. Ревюге дейін әрбір адамға жылына 5 күн 10 тыйыннан ғана ақша жұмсалса, енді әрбір ауылда орта мектеп болып келеді. Елде кәзір 9 мыңға жуық мектеп бар. Олардың көпшілігінде интернат бар. Интернаттарда мемлекет күшімен оқитын бала оқиды.

Қазақ ССР мектептерінде 50 мың аса педагогтер жұмыс істейді. Тек үш жылда республика мектептерінің армиясы 3300 жас педагогтерді толықтырды.

Қазақ халқы өзінің жоғары білім оқу орындарын мақтан етеді. Республиканың жоғары дәрежелі 27 оқу орны білімнің түрлі салаларындағы мамандарды тәрбиелейді. Қазақ мемлекеттік университетінің өзі 11 мамандық бойынша кадр даярлайды. Қазақстандықтар тау-кен шаруашылығы, малдәрігерлік-зоотехникалық, медицина, педагогика институттарында, физкультура және шет тіл институттарында, консерваторияда жоғары дәрежелі білім алады. Өткен жылы Петропавлда мен Өскеменде жаңадан педагогикалық институттар, Семейде малдәрігерлік-зоотехникалық институт ашылды.

Республиканың Ғылым академиясы мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық шаруашылық Ғылым академиясының филиалының құрамында ондаған ғылым мекемелері бар. Біржарым мыңнан аса ғылымдар нақтылы істің адамдарымен бірге еңбек етіп, Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетін одан әрі өркендету проблемаларын шешуде.

В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің Шығармаларын қазақ тілінде басып шығару қазақ халқының мәдениетіне қосылған баға жетпесіз үлес болып табылады. Қазақтар өз жетістіктерінде марксизм-ленинизм саясатының данышпандық шығармалары оқиды және үйренеді.

және партияның XIX съезінің қарарлары оқып үйрену міндеті қойылып отыр. Бұл міндетті аброймен орындау үшін партия ұйымдары барлық күш-мүмкіншіліктері толық пайдалана білулері керек. Сөйтіп, әрбір коммунист пен партиядан жоқ кадрлардың Сталин жолдастың еңбегін және съезд материалдарын терең үйреніп, бұл тарихи документтерді өздерінің практикалық жұмыстарында басшылыққа ала білуіне жетісу қажет.

Бұл үшін партия ұйымдары, ең алдымен, партия оқуының барлық буындарында сабақтың жоспарлы, мазмұнды етуін, тараптың даушылардың толық қатысуына қамтамасыз етуге тиіс. Партияның СОКП Уставының марксистік-лениндік үйрену жөніндегі талабын коммунистің мүлтіксіз орындауына етулері керек. Бұл үшін партияда жұмыс істейтін коммунистердің саяси оқуына арнауларынан бірсыпыра үйір-

Партияның XIX съезінің материалдары және Сталин жолдастың жаңа екі көп тиражбен басылып, қазақ тілінде ашпа болып шықты. Бұл кітаптарды облысымыздың сауда ұйымдары, әсіресе, «Казнижторг» пен «Союзпочта» орындары көптеп алды. Бірақ, не пайда, аталған орындардың жұмыстағы салақтығына партияның XIX съезінің материалдары бұған кітапшалар ауылдық-селолық жұртке мұнда кешіктіріліп жіберілуде. Партия ұйымдары сауда орындарынан партияның XIX съезі жөніндегі кітапшаларды кезінде тарауларын талап етулері керек.

Партия оқуын жаңа талап сай ұйымдастырып, коммунистер мен партиядан жоқ интеллигенттердің съезд материалдарын және Сталин жолдастың еңбегін терең үйренуіне жетісейік! Партия ұйымдарының бүгінгі таңда ісінде тұрған маңызды міндеттерінің біріне, осы.

күнбе-күн екі-екіжарым нормадан орындайды.

Шоколова жолдас өндірістік жұмысты өз бригадасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстармен шебер ұштастыра жүргізеді. Үгітшілік міндетін аброймен орындай отырып, ол жұмысшылар арасында Сталин жолдастың сөзі, Маленков жолдастың съездегі есепті баяндамасы, Сабуров жолдастың баяндамасы бойынша әңгімелер өткізді.

Партияның XIX съезінің тарихи директивалары бригада коллективін еңбекті жаңа жөңістеріне жігерлендіруде. Бригада жылдық өндірістік программаны мерзімінен 10 күн бұрын аяқтады.

Н. ШАҚАНОВ.

Бір цехтың озаттары

Партиямыздың XIX съезінің тарихи қарарлары мен көсеміміз И. В. Сталин жолдастың данышпандық еңбегі адамдарымыздың саяси және еңбек өрлеуін бұрынғыдан да күшейте отырып, олардың өздеріне тапсырылған іске жауапкершілігін арттыра түсті.

А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының қаңылтыр-банк цехы 1952 жылдың өндірістік программасын мерзімінен әлде қайда бұрын орындаған болатын. Цех коллективі жоспардан тыс жүздеген мың сомның өнімін беруге міндеттенгенді.

Қаңылтыр-банк цехының жұмысшылары жаңа жыл қарсаңында еңбек қарқынын бұрынғыдан да үлесе түсіп, 1953 жылдың есебіне сапалы өнім беруде.

Біздің цехымыздың алдыңғы қатарға шығуына өздерінің қажыраы еңбектерімен келеді үлес қосқан жұмысшылардың ішінде цехтың таңдаулы стахановшылары П. Колабухов, Тамара Курко, комсомолға Лидия Торговых, апалы-сіңлілі Лидия және Екатерина Афанасьевалар бар. Бұл жолдастар сменалық нормасын артығымен орындаумен қатар, мінез жоғары сапалы өнім беруге жетісті. Олар өндірістік тапсырманы күн сайын 150—180 проценттен орындап, озаттардың алдыңғы сапында келеді.

Ю. ФУКС.

А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының қаңылтыр-банк цехының бастығы.

алғашқы рет өңдейтін мейлінше мешеу қалған кәсіпорындары бар өнеркәсіп өнімі мүлде аз шығарды. Ол уақытта австриялық, француздық, ағылшындық шетелді концессионерлері қазақ жерін тонап, бұл

тиямыз бен үлкен әкелік қазақстанда қосы жүзеге асыра Сталинград қанды. Волганың

Партия оқуының

Біздің еліміздің еңбекшілері СОКП-ның XIX съезінің қарарлары мен И. В. Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген сөзін және көсемнің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегін коммунистік қсғам орнату жолындағы күрес пен жеңіс программасы ретінде қарсы алды. Бұл тарихи документтерді терең үйрену— кадрларымыздың марксистік-лениндік білімдерін одан әрі арттырудың, олардың жұмыстарының нәтижелі болуының басты шарты.

Міне, сондықтан да партия оқуы жүйесінің барлық буындарында партияның XIX съезінің материалдарын және И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегін арнаулы жоспар бойынша үйрену міндеті қойылып отыр. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру—партия ұйымдарының әрі жауапты, әрі құрметті ісі.

Партия оқуы срындарында партияның XIX съезінің материалдары мен И. В. Сталин жолдастың экономикалық мәселелер жөніндегі еңбегін үйрену төмендегі тәртіп бойынша жүргізілуде тиіс.

Партия тарихын үйренетін негізгі типті үйірмелерде, В. И. Ленинмен, И. В. Сталиннің өмірбаяндарын үйренетін үйірмелерде және саяси мектептерде БК(б)П Орталық Комитетінің партияның XIX съезіне есепті баяндамасы, партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары, Совет Одағының Коммунистік партиясының Уставы, партияның XIX съезінің «Партияның атып өзгерту туралы», «БК(б)П Уставына өзгерістер енгізу туралы» және «Совет Одағының Коммунистік партиясының программасын қайта жасау туралы» қарарлары

оқылады. Бұл партия оқуының дарына 38 сағат қыт бөлінеді. Дарындары үстімізге дейін тек жолдарды оқытып Партия тарихы тиісті үйірмелер тарихи материалдар бұл материалдарымда—12—20 Мұнан кейін бұрынғы бұрынғы оқылса.

Саяси экномлер И. В. Сталиннің әрі «Социализмнің әрі» атты еңбегі партияның XIX съезінің материалдарын үйренуге экономияны үйір Сталин жолдастың XIX съезінің үшін 44 сағатта беріледі.

Қалалық және төрттерінің жаңы төптері мен университеті е Сталин жолдастың программасында бйынша оқыйды. риалдарын және гін үйрену үшін семинар сабақтар партия мектептерге гатқа дейін уақыт ленинизм кешкі шылары үшін (бйынша қосымша рөк.

А. Суслов пен В. А. Малышев жолдастарға Ленин ордендерін тағыру

Кеше ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. М. Шверник жолдас туғанына 50 жыл толуымен байланысты және Партияның Совет мемлекеті алдында сіңірген еңбегі үшін ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 20 ноябрдегі Указы бойынша наградталған М. А. Суслов жолдас және туғанына 50 жыл толуымен байланысты және со-

веттік индустрияны өркендету саласында Совет мемлекеті алдында сіңірген еңбегі үшін ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 15 декабрдегі Указы бойынша наградталған ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасары В. А. Малышев жолдасқа Ленин ордендерін тапсырды.

(СОТА).

Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресіне қатысушылардың бір тобының Москваға келуі

26 декабрде Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресіне қатысқандардың өз елдеріне қайтып бара жатқан үлкен бір тобы Москваға келді.

Делегациялардың құрамында «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Сун Цзин-лин және Го Мо-жэ (Қытай), Сайфуддин Китчлу (Индия), Жоржи Амаду және Элиза Бранко (Бразилия), бірқатар елдердің демократияшыл күштерінің өкілдері бар.

Қонақтарды Киев қаласында бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің, шетелдермен мәдениет айналысының Бүкілодақтық Қоғамының Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің, совет әйелдерінің антифашистік Комитетінің, халықаралық Сталиндік сыйлықтар жөніндегі Комитеттің өкілдері жылы жүзбен қарсы алды.

(СОТА).

Салдарь

егіске әзірлік нағар

Архипов жолдастары машиналармен және қысқы агриялық ш-деу және асыру жөн-гі баянда-тыңдалды. Аткару ком-тінің қар-бұл екі колхозда жөндеу жұмысын-варьға дейін, тұқым тазалауын 25-брыге дейін аяқтауға деп у-рылды. сыяқты, аталған колхоздарды асырды. на жергілікті тыңайтқыштар асында қар тоқтату жоспарын мінсіз орындау тап-сырылды.

«Завет Ильича» және Жданов а-ғы ауылшаруашылық артельдері көп-егіске бұрынғысынан нашар әзірлен-ді. Мұнда осы уақытқа дейін ауылшаруашы-лық саймандарын жөндеу басталған жоқ. тұқым дайындау, қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыштар жыйнау жұмыстары күні бүгінге дейін қолға да алынбаған. Атал-ған колхоздардың басшыларының жұмысқа жауапсыз қарайтындығын мына фактілер дәлелдейді. Осы жылдың көктемінде Жданов атындағы колхозға «Сельхозснабтан» 13 тонна суперфосфат бөлінген болатын. Бұл тыңайтқыш зат «Сельхозснабтың» қоймасында жатыр. Колхоз оны күні бүгін-ге дейін тасып алған жоқ. Суперфосфат-тың біразы бүлінуге айналған. «Завет Ильича» колхозында да жағдай осы сыяқ-ты. Мұнда да жергілікті және минералды тыңайтқыштар жыйнап, егістік жердің құнарлығын арттыруға мән берілмейді. Рас, бұл колхоз өзіне бөлінген тыңайтқыш заттарды «Сельхозснабтан» тасып алған. Бірақ, не пайда, ел қажетке аспай, босқа қалды. 3 арба суперфосфат егістік алаң-ның жиегіне төгілген. Алайда, ол егістік алаңға кезінде шаңылмады. Көзір оны қар басып кеткен.

Мамлют ауданы агрономиялық ережелер ді сйдағыдай жүзеге асырмау себепті бы-йыл өгінін аз өнім алды. Алайда, бұл жағдай әлі күнге дейін басталма-ды.

Полудень ауданында

Жұмысшылар клубы

Жұмысшылардың мәдени тілегін орындау мақсатында үстіміздегі жы-лы Токшын элеваторының жанынан жаңа клуб салынған болатын. Жұ-мысшылар клубы көзір мәдениет ор-талығына айналуда. Мұнда хор, дра-ма, физкультура үйірмелері жұмыс істейді. Жастардың күшімен клубта элеватор жұмысшылары үшін ойын-сауықтар көрсетіліп тұрады. Жуырда физкультура үйірмесінің мүшелері үшін шаңғылар сатып алынды.

Ірі ұтыстар

Аудандық жыйнақ кассасы ұтыс жддары бойынша аудан еңбекші-лері ай сайын мыңдаған сом ұтыс алып отырады. Тек ССРО халық шаруашылығын қалпына келтірудің меркентудің Мемлекеттік бе-неуіміздің 4-тиражы бойынша ұтыс алуға ұстаушыларға 16 мың сом төленді. Оның ішінде 50 сом бір облигацияға 5 мың, 200 сом бір облигацияға 5200 сом ұтыс алынды.

Дырғыш жұмыс

Чапал

Бұл жылдағы колхозда быйыл алынған буландырғыш сатып алуға фермалары бір колхоздың мал бап турары буландырғыш, са-жұмыс істейді. дән ұнтақтағыш топан араластар сабан мен ган азықпен зоп, буландырыл-дерге сай азыққалық ереже-Соның нәтижесі шығады. ны жақсарып, сауалдардың қо-сүті арта түсуде. ыйырлардың

Облыс мектепінде

Демалысты ұйымдастыру жұмыстары түрде өткізілді.

Жыл қарсаңындағы сауда

Жаңа жылдық мерекеге байланысты қала еңбекшілерінің көрегін қамтамасыз ету мақсатымен Петропавл қалалық ара-стын дүкендері арқылы 36 тонна жоғары және бірінші сортты ұн, 50 тонна қант. 31 тонна кондитер заттары, 15 тонна жеміс-своць консервтері, 7 тонна тұзда-ған балық, 15 тонна жарма, сол сыяқты, көптеген макорон және жеміс сататын болады. Мұнымен қатар, А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинаты өндіретін неше түрлі тағамдар сатылады.

Қала еңбекшілерінің қалалық сауда бөлімінің азық-түлік магазиндерінің қай-сысынан болса да лимон, шоколад және какао сатып алуына толық мүмкіншілік бар.

Қаладағы емхана және балалар үйлері-не кондитерлік заттар мен жарманың ең таңдаулылары беріледі.

Қаланың қандай дүкенінен болса да әйелдер мен еркектердің алуан түрлі аяқ-киімдерін, мақта-мата және тоқыма жибе-терді әрбір адам керекінше сатып алуына болады.

Қала еңбекшілерін мәдениетті түрде қамту жөнінде Григорьева жолдас директор болып істейтін № 60 магазин бірталай жұ-мыстар істеді. Бұл магазиннен тұтынушы-лар трикотаж заттарының және тігілген киімдердің, әсересе, мектеп жасындағы балалар мен мектеп жасына дейінгі бала-лардың киімінің барлық түрлерін кездес-тіресіз. Осы магазиннің сатушылары Дья-ченко, Григус және Якушева жолдастар совет адамдарының тілектеріне, олардың қойған заңды талаптарына байымдылық-пен әрқашан құлақ асып отырады, тұты-нушылардың өндірістік товарларды дұрыс іріктеп алуына көмектесіп отырады.

Сол сыяқты, № 14 магазиннің коллек-тиві де адамдарымыздың үнемі өсіп отыр

ған талаптарын деркесінде, мәдениетті түрде қанағаттандыруда басқа сауда орын-дарына үлгі боларлықтай бірталай жақ-сы жұмыстар істеді. Магазиннің қызмет-керлері бөлшек сауда товар айналымының мемлекеттік жоспарын үнемі артығымен орындап, айналымның шығынын кеміт-беру үшін күресуде. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында еңбекшілерге сатуға магазин коллективі көптеген мебель, ыдыс-аяқтар әкеліп жеткізді.

Тұтынушылардың қажетін толық және мінсіз қамтамасыз ету мақсатымен бұл күндері үздіксіз өндіріс товарларының барлық магазиндері жұмыс істеуді ұйғар-ды.

Коммунистік партия, совет мемлекеті, көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдас совет балаларының қамын әрқашан ойлас тырып отырады. Жаңа жыл совет балала-рының да өте қуанышты мерекесі екенді-гін Петропавл қаласының сауда орындары да естен шығарған жоқ. Сондықтан ба-қытты балаларымыздың қуанышпен асы-ға күткен жаңа жылдық мерекесін ойда-ғыдай өткізу үшін сауда дүкендеріне шыр-ша, шыршаға керекті нешетүрлі ойын-шықтар жеткілікті түрде әкелініп қойыл-ды.

Қаладағы сауда орындарының қызмет-керлері жаңа жылды жаңа табыстармен қарсы алу үшін, жаңа жылдық мереке қарсаңында еңбекшілердің қажетін бұрын-ғыдан да жақсы мәдениетті түрде өтеу үшін өзара ессалистік жарысқа түсіп, жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындап шығу үшін күресуде.

М. КАРГОВСКАЯ.

Қалалық сауда бөлімінің аға товароведі.

Маңызды мәселеге мән берілмей отыр

Бүгін аудандық партия комитетінің мәжілісі аудандық партия комитетінің маңындағы саяси тақырыпта баяндама оқытушылар тобының жұмысы жөнінде неше рет мәселе қарады. Бұл мәселе талқыланған барлық мәжілісте де баяндамашылар тобының жұмысы қанағаттанғырсыз деп атап көрсетілді. Соңғы болған мәжілісте баяндамашылар тобының құрамын қайта қарап, аудандық партия комитетінің активтерінен 24 адамды баяндамашы етіп бекітті. Баяндамашылар тобының басқару міндеті аудандық партия комитетінің бірінші секретары Камалетдинов жолдасқа тапсырылды.

Баяндамашылар тобының жұмысын қараған соңғы бюро мәжілісінің болғанына бір ай болды. Солай бола тұрса да, бұл жұмыстың маңызы әлі күнге өзгерген жоқ. Бюро мүшелері баяндамашылар колхозшыларға, МТС-терге, совхозға барып, еңбекшілер арасында саяси тақырыпқа баяндама жасайды деген зор үмітте болды. Бірақ, топтың құрамындағы аудандық партия комитетінің секретары Башкатова, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Засыпкин жолдасар сыяқты не-

бары 5 адам өздеріне жүктелген міндетті орындап жүр. Басқалары бірде-бір рет не баяндама жасап, немесе әңгіме өткізген емес.

Баяндамашылар тобының жұмысында болып отырған бұл кемшіліктердің себебі неде? Оның себебі сол — алдымен топтың басқарушысы Камалетдинов жолдас өзі, сондай-ақ аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Воспешенко жолдас бұл жұмысты жете бағаламайды. Сондықтан олар баяндамашылардың не істеп жүргендерін де бақыламайды.

Бюро мәжілісі насихат және үгіт бөлімін баяндамашыларға нұсқау беріп, олардың баяндамаларының текетін талқылау, маңызы уақытта қандай тақырыпта баяндама жасау керек екендіктерін айтуды міндеттеген болатын. Насихат және үгіт бөлімі бюро мәжілісінің бұл тапсырысын әлі күнге орындамай отыр.

Бұл бөлім күні осы уақытқа дейін баяндамашылардың бірде-бір нұсқау келісін өткізген емес. Сол сыяқты, бірде-бір баяндаманың тексін қарап, оны баяндамашылардың талқысына салған жоқ.

Аудандық партия комитетінің кейбір қызметкерлерінің бұл жұмыс жөніндегі бей-қамдығын пайдаланып, баяндамашылардың көпшілігі еңбекшілер арасында баяндама жасау міндеттерін мүлдем ұмытып жүр. Кейбір баяндамашылар «саяси тақырыпта баяндама жасау біздің міндет емес, ол лекторлардың міндеті» деп теріс түсінеді.

Саяси тақырыпқа баяндама жасау идеология жұмысының негізгі салаларының бірінен саналады. Бұл жұмысты бағаламаушылыққа төзуге болмайды. Сондықтан аудандық партия комитеті баяндамашылар тобының жұмысына нақтылы басшылық етуі керек.

Бәзір республикамызда жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік жұмысы жүргізіле бастады. Бұл кезде баяндамашылар тобының жұмысын жақсартып, еңбекшілер арасында саяси тақырыпқа баяндама жасаудың зор маңызы бар. Олай болса, аудандық партия комитеті бұл жұмысты бұдан былайғы жерде кеңінен өрістетіп, аудан еңбекшілерінің өскелең талабына сай жұмыс істеуді қамтамасыз етуі керек.

С. АЙТЖАНОВ.

Ата-аналар лекторийі

Г. ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Қалалық оқу бөлімі мен саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі Қоғамның облыстық бөлімшесі Молотов атындағы мектепте ата-аналар лекторийін ұйымдастырды. Жуырда ата-аналарға арналып «Ленин—Сталин жастарға коммунистік тәрбие беру туралы» деген тақырыпта бірінші лекция оқылды. Лекцияны мектептің директоры, Лифатов жолдас оқыды. Лекторийдің жұмыс тақырыбында: «Совет семьясында балаларды тәрбиелеу негіздері», «Балаларды адалдық және шыншылдық рухында тәрбиелеу», «Балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың ролі» деген және басқа баяндамалар бар. Лекция айында бір рет оқылып тұрады.

Колхоз есепшілерінің семинары

Соколов аудандық ауылшаруашылық басқармасы колхоз есепшілерінің семинарын өткізді. Колхоздағы есеп-қисап жұмыстары жөніндегі тақырыптардан басқа, семинарға қатысушылар үшін колхоз өндірісі мәселелері жөнінде консультациялар өткізілді.

Барлық бақылау жұмыстарын ойдағыдай орындаған семинарға қатысушы 10 адамға мамандық тағайындау комиссиясы колхоз есепшісі деген атақ берді. Ал, Сталин атындағы колхоздың есепшісі И. Кляцков жолдасқа нұсқаушы-бухгалтер деген атақ берілді.

Семинар өткізілді

Жамбыл облыстық партия комитетінің жанында кешкі партия мектептері оқытушыларының, партия комитеттерінің штаттан тыс лекторларының, партия комитеттері кітапханалары меңгерушілерінің бес күндік семинары жұмысын аяқтады. Семинар кезінде: «Бесінші бесжылдық жоспар социализммен коммунизмге өту жолындағы жаңа ірі кадам», «Совет Одағының Коммунистік партиясының Уставы — партия тұрмысының негізгі заңы», И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі — марксизм-ленинизм теориясына қосылған жаңа аса көрнекті үлес» деген тағы басқа тақырыптарда лекциялар оқылды.

мен оқушылары жаңа жылдың газеті, журналдарына жаппай жазылды. Мектепте оқушылар арасында барлығы 45 дана «Пионер» журналы, 50 дана «Пионерская правда», 250 дана «Лениншіл жас» және «Комсомольская правда» газеттері таратылды.

Ғ. БАЛТАБАЕВ.

Мұз алаңы жабдықталды

Қаладағы фельдшерлік-акушерлік мектептің оқушылары қысқы спорт маусымы басталғалы шаңғы, коньки тебумен үчемі шұғылданып отыратын болды. Қысқы спорт түрлерімен шұғылдану үшін мектепте толық жағдай жасалған. Мектептің спорт базинда шаңғы және коньки жеткілікті. Оқушылар оқудан бос уақыттарында бұл спорт құралдарын алып пайдаланады.

Жуырда мектеп іргесіндегі мұз алаңы жабдықталды. Оқушылар кешкілікте мұз алаңына келіп коньки тебеді.

К. САҚЫПОВ.

«Ленин туы»-ның дабылынан

кейін

«Ұйымның жұмысы қашан жақсарарды»

Газетіміздің 1952 жылғы 29 октябрьдегі санында осы тақырыпта мақала жарияланып, Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхоз комсомол ұйымының жұмысындағы кемшіліктер сынға алынды.

ҚЛКЖО Преснов аудандық комитетінің секретары Сұңғатуллина жолдас редакцияға былай деп хабарлады:

Газетте жарияланған «Ұйымның жұмысы қашан жақсарарды» деген мақала ҚЛКЖО аудандық комитетінің бюро мәжілісінде талқыланды. Мақалада көрсетілген фактілер толық анықталып, колхоз комсомол ұйымының жұмысын жолға қою жөнінде комсомол ұйымына көмек көрсету үшін нақты шаралар белгіленді.

ХАЛЫҚ АРМИЯ

ПХТБЯН, 27 декабрь. Халық Демократиялық Республикасының Бас қолын Халық армиясының жеріктілігін құрамалары данин ескелеген участо кан-ағын интервенттер шыл әскердің жеке баурымен отығыс жасады. Бүгін Халық армиясының әрі және ауа самолеттерін панның самолетін атып дегін шығады.

ПХЕНЬ, 28 декабрь. Халық-Демократиялық Республикасының Бас қолын

ТЫС БЕРЛ

БЕРЛИН, 27 декабрь. кратияшыл пасөздің х да, Батыс алиннің ст ның мәліметі бойынша азық-түліктің қасы дек брьмен салмағанда 2

ПАРИЖ, 28 кабрь. саяси партияның өкі қыт сөйлескені кейін Голье партиясы (РПФ) президенті Венс Орио цуз үкметін құруал на мақұлдамай ап Республика прсенті дегін «Халықтық түб

«УДАРНИК»

Бүгін жән
«ЖАС»
Сеанстар 6-8-10-д
Касса сағат 3-те